

Салыққа жатпайтын түсімдерді бюджетке аудару ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1222 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 24.05.2018 № 289 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 58-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Салыққа жатпайтын түсімдерді бюджетке аудару ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 1222 қаулысымен
бекітілген

Салыққа жатпайтын түсімдерді бюджетке аудару ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және төлеушілердің салыққа жатпайтын түсімдерді бюджетке аудару тәртібін айқындайды.

2. Бюджетке салыққа жатпайтын түсімдерді төлеуді төлеушілер салыққа жатпайтын түсімдерді алуға жауапты уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген айқындау, алу тәртібіне, мөлшерге (аударымдар нормативтеріне) және мерзімге сәйкес жүргізеді.

3. Салыққа жатпайтын түсімдерді, оның ішінде салыққа жатпайтын түсімдерді толық және уақытылы төлемегені үшін айыппұлдардың (өсімақының) сомаларын аудару мемлекеттік бюджетке Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін Бірыңғай бюджеттік жіктеменің тиісті кодтарына жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салыққа жатпайтын түсімдерді алуға жауапты мемлекеттік орындардың мемлекеттік бюджетке түсетін салыққа жатпайтын түсімдердің толықтығын және уақытылығын қамтамасыз етуі бойынша бақылауды жүзеге асырады.

5. Салыққа жатпайтын түсімдерді мемлекеттік бюджетке толық және уақытылы аудармау Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес жауапкершілікке әкеп соқтырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК